

Жобалық-сметалық құжаттаманы республикалық меншіктен Қостанай облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 159 Қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімінің теңгерімдік құны 181 075 502 (бір жүз сексен бір миллион жетпіс бес мың бес жүз екі) теңге «Қостанай әуежайының жасанды ұшу-қону жолағын және аэровокзалын қайта жаңарту» жобалық-сметалық құжаттамасын республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің теңгерімінен Қостанай облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысын қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен және Қостанай облысының әкімдігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	